

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Біреулердің сөзіне сүйену арқылы не бір нақты дерек негізінде білдіретін сөйлеушінің пікірі арқылы нақтыланатын модальдық мағына:

- A) Естіген нәрсені ұмытпастыққа әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек.
- B) Осы жолы Абай мерт болмаса неғылсын.
- C) Әсіресе, жандарал кеңсесі ашулы дейді.
- D) Арғысын бір-ақ Алла біледі, рас.
- E) Қазақтың жайын жақсырақ білеміз.

2. Сөйлеуші тарапынан ойдың қосталуын білдіретін білдіретін сөйлем:

- A) Бұл мәселе осымен шешілді десек, артық айтқандық болар ма екен.
- B) Арғысын бір-ақ алла біледі, рас
- C) Сырт қарағанда, әрине, бұл әрекеті дұрыс.
- D) Би әкесі тіс жарып ештеңе айта қойған жоқ, білем
- E) Биыл қыс қатты болды.

3. Күшейтпелі шырай:

- A) өте кең бөлме
- B) көгілдір тау
- C) тап-таза кеңсе
- D) ең ұзын жол
- E) сарғылтым түс

4. Тәуелденген сын есім:

- A) Жаманың жоқ.
- B) Айтарың осы ғой
- C) Ешкімің жоқ.
- D) Сенің балаң.
- E) Жаңа келдім

5. Қосымша морфемаға тән негізгі белгі:

- A) дербестік мағына тікелей өз бойында болады
- B) дербестік
- C) мағыналық тұлғалық, қолданыстық дербестікке ие
- D) нақтылық
- E) өз алдына жеке тұрып мағына бере алмайды

6. Амалдың басқа күйге көшкенін білдіретін аналитикалық етістік:

- A) сұрай бер
- B) секіріп түс
- C) ұйықтап қалды
- D) айта жүр
- E) қарай көр

7. Сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы туралы сөйлеуші тараптың пікірін білдіретін сөздер:

- A) еліктеу
- B) көмекші есім
- C) модаль
- D) шылау
- E) одағай

8. Грамматикалық категория түзілуі үшін қажетті шарт:

- A) нөлдік форманың болуы
- B) бірнеше сөз таптарына ортақ болу
- C) грамматикалық мағына мен формалар синтагмалық қатынас түзуі
- D) сөз тудырушы қосымшалардың болуы
- E) грамматикалық мағына мен оны тудырушы грамматикалық форма болуы

9. Кіріккен сөз:

- A) көнетоз
- B) көзбе-көз
- C) қарлығаш
- D) шекара
- E) көкқұтан

10. Септік категориясына тән ерекшелік:

- A) бірінің орнына бірі жұмсалуды тиіс
- B) шақтық қатынасты білдіруі
- C) синтагмалық қатынас түзе алады
- D) бір заттың басқа затқа тәуелділігі
- E) бір жүйе, парадигма құрай алады